

## ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ

ӘОЖ 930; МҒТАР 03.20;03.81;21.15

<https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.27>

Д. МҰСТАПАЕВА

*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: dildash.mustapaeva@ayu.edu.kz**<https://orcid.org/0000-0002-0458-140X>***ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ ЖОҒАЛҒАН ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРІ –  
ЕСІК ТҮТҚАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Аңдатпа.** Мақалада Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабірхана есігінің екі балғасының жасалуы, үлкен ортағасырлық ислам мәдениеті кеңістігіндегі даму ерекшеліктері, XIX ғасырдың екінші жартысында, XX ғасырда зерттелу мен саралануы қарастырылады.

1959 жылы жоғалған қабірхана есігінің екі қола тұтқасының жасалу ерекшеліктері мен құнды жәдігер ретіндегі маңызы көрсетіледі. Аталған екі тұтқаның алғашқы суреттері, мақалалар XIX ғасырдың екінші жартысында, 1860 жылдары Түркістанда болған А. Гейнстің еңбектерінде, сол сияқты суретші А. Верещагиннің «Түркістан сериясындағы» суреттерінде, зерттеуші Н.И. Веселовскийдің XIX ғ. екінші жартысында 1884 жылдары жазған мақаласында, 1896 ж. П.Н. Ахмеровтың мақаласында баяндалған.

1905 жылы Н.И. Веселовский басқарған экспедициясына қатысқан А. Гуржиенко тұтқалардың табиғи көлеміне сай суретін салып, қазіргі кезеңде зерттеулерде бұл жан-жақты саралануда.

1935 жылы Иран өнері мен археологиясына арналған конгрестегі мақалада А.Ю. Якубовский Ясыға келген Исфахандық Изз ад-дин Тадж ад-дин Исфахани және Гур Эмирдегі есікті жасаған шебердің ныспысының бір мекеннен екенін байқауға мүмкіндік береді.

Белгілі ғалым сәулетші Т.К. Бәсеновтың XX ғ. 40 жылдардағы еңбегі де бұл тұтқалардың қазіргі кезеңдегі зерттелуіне жол ашқан еңбек.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі құнды жәдігерлер, соның ішінде 1959 жылы жоғалған қабірхана есігінің қола тұтқаларының жан-жақты зерттелуінде ерекше еңбек еткен ғалым А.А. Иванов болды. Мақалада қола тұтқалардың орта ғасырлық ислам өнеріндегі мәні мен маңызы, даму ерекшеліктері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Қожа Ахмет Ясауи, қабірхана, тұтқалар, жазу өрнектері, сульс, шебер, Исфахани.

**\* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Мұстапаева Д. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жоғалған құнды жәдігері – есік тұтқаларының зерттелуі // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2022. – №1 (123). – Б. 329–339. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.27>

**\*Cite us correctly:**

Mustapaeva D. Qoja Ahmet Iasawi kesenesinin jogalghan qundy jadigeri – esik tutqalarynyn zerttelui [The Study of the Door Handles of the Khoja Ahmet Yasawi Mausoleum – a Lost Valuable Relic] // *Iasawi universitetinin habarshysy.* – 2022. – №1 (123). – B. 329–339. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.27>

**D. Mustapaeva**

*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: dildash.mustapaeva@ayu.edu.kz*

### **The Study of the Door Handles of the Khoja Ahmet Yasawi Mausoleum – a Lost Valuable Relic**

**Abstract.** The article deals with the features of manufacture of two door handles of the tomb room in the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, its development history in a large medieval space of Islamic culture, study and analysis in the second half of the 19th century and in the 20th century.

The features of the manufacture of two bronze door handles of the tomb room, which were lost in 1959, as well as their value as a valuable relic are given. The first images of these two handles, articles about it are dated as of the second half of the 19th century in the works of A. Geinst in 1860, in the paintings of the artist A. Vereshchagin in the Turkestan Series, in an article by N.I. Veselovsky in 1884, in an article P.N. Akhmerova 1896. In 1905, A. Gurzhienko, who took part in the expedition led by N.I. Veselovsky, depicted door handles in full size, which is comprehensively analyzed in modern studies.

In 1935, A.Y. Yakubovsky in his article at the Congress dedicated to the art and archeology of Iran, makes it possible to notice that as per the names of Izz ad-din Tadj ad-din Isfahani and the master who made the door to Gur Emirare coming from the same settlement.

The studies of the architect T.K. Basenov in the 40s of the XX year opened the way for the study of these handles today.

A special contribution to the detailed study of valuable relics in the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, including the bronze handles of the tomb room lost in 1959, was the works of A.A. Ivanov. The article discusses the meaning and features of the development of bronze handles in medieval Islamic art.

**Keywords:** Khoja Akhmet Yasawi, tomb, handles, writing patterns, suls, master, Isfahani.

**Д. Мустапаева**

*кандидат исторических наук, доцент  
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: dildash.mustapaeva@ayu.edu.kz*

### **Изучение дверных ручек мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави – утерянной ценной реликвии**

**Аннотация.** В статье рассматривается изготовление двух рукояток двери помещения усыпальницы в мавзолее Ходжи Ахмеда Ясави, особенности их развития в большом средневековом пространстве исламской культуры, изучение и анализ во второй половине XIX века и в XX веке.

Приводятся особенности изготовления двух бронзовых ручек двери помещения усыпальницы, которые были утеряны в 1959 году, а также их значение как ценной реликвии. Первые изображения, статьи про них относятся ко второй половине XIX века в трудах А. Гейнста в 1860 году, на картинах художника А. Верещагина в «Туркестанской серии», в статье Н.И. Веселовского в 1884 году, в статье П.Н. Ахмерова 1896 года.

В 1905 году А. Гуржиенко, который принял участие в экспедиции под началом Н.И. Веселовского, изобразил дверные ручки в натуральную величину, что всесторонне анализируется в современных исследованиях.

В 1935 году А.Ю. Якубовский в своей статье на Конгрессе, посвященном искусству и археологии Ирана, дает возможность заметить, что имя Изз ад-дин Тадж ад-дин Исфакхани и мастера, который изготовил дверь в Гур Эмир, из одного поселения.

Труд архитектора Т.К. Басенова в 40-х годах XX века открыл дорогу исследованию этих ручек в наши дни.

Особый вклад в подробное изучение ценных реликвий в мавзолее Ходжи Ахмеда Ясави, в том числе утерянных в 1959 году бронзовых ручек помещения усыпальницы, внесли труды А.А. Иванова. В статье рассматриваются значение, смысл и особенности развития бронзовых ручек в средневековом исламском искусстве.

**Ключевые слова:** Ходжа Ахмед Ясави, усыпальница, ручки, письменные узоры, сульс, мастер, Исфакхани.

### Кіріспе

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде сақталған екі қабірхана және қазандық бөлмелелерінің есіктерінің өрнектелуі, көркем металмен әшекейленуі, ағаш бөліктері ислими үлгісіндегі ағашқа ойып түсірілген эпиграфикалық жазу өрнектерімен ерекшеленеді. Осы екі есіктің бірі – қабірхана бөлмесінің есігінің жасалу ерекшеліктері де орта ғасырлық қолданбалы-көркем өнер туындысының биік өрлеуін көрсетеді.

Қазіргі кезде бұл екі тұтқаның түпнұсқасы Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана бөлмесінің есігінде жоқ. Сол себепті бұл құнды жәдігерді зерттеу, іздестіру жұмыстары аса маңызды жұмыстардың бірі деуге болады.

Есіктің негізгі өрнектері майда гүлді, жапырақты ислими үлгісіндегі өрнектер болып табылады. Оның жоғарғы тұсындағы геометриялаған ірі жазу өрнектері ислам өрнектер сарынының ерекше үйлесуін көрсетеді. Ағашқа ойып түсірілген керемет өрнектер сарының ислам өнерінің талабына сай орындалып, геометриялық өрнектер сарыны өсімдік-гүлдердің әшекейімен үйлескен.

Ағашты ойып түсірген өрнектерден басқа есікті әрлеуде әр түрлі түсті ағаш түрлерін және сүйектерді кірістіре отырып жасаған өрнектеу түрлері қолданылған.

Кірістіріп әрлеу бөлшектері өте майда және өзара керемет үйлестіріліп орындалған. Есікті әрлеуде қолданылған өрнектер ортағасырлық металл құюшы және металл өрнегін салушылардың ерекше шеберлігін көрсетеді.

Есіктегі металдағы жазу және гүлді өрнектер инкрустация техникасында орындалған. Күмістен және алтыннан жасалған өрнектер бөлігі өте бай көркем полихром өрнектерді құрайды. Зерттеушілер Қазандық бөлмесінің ағаш есігінің металл балғалары туралы да осы пікірлерді айтып, зерттеп жазған [1, 109–117-бб.].

Мақалада Қабірхана бөлмесінің есігіне кезінде бекітілген екі қола тұтқа, сипаты, ислам қолданбалы өнер туындыларын жасаудағы ерекшеліктердің бұл екі тұтқаны жасауда көрініс табуы, ислам өнерінің орта ғасырларда даму кеңістігі мен ерекшелігіне қарай дамуы туралы айтылып отыр.

Қабірхана есігіндегі қола тұтқалардан қазіргі кезде тек күміспен инкрустация жасалған пластиналар сақталған, ол жерде сулс қолтанбасымен айнала жазылған Жаратушының алты есімін оқуға болады. Ғылыми зерттеулер, соңғы тұтқалар туралы мақалалар бұл жоғалған жәдігер туралы ақпараттар береді. Тұтқа бекітілген тұзақтан төмен тұтқаны ұратын қола розетка бекітілген (1-сурет).

1959 жылы жоғалған бұл қабірхана есігінің екі тұтқасының қазандық тұтқаларымен ұқсастығымен бірге, ерекшеліктері де байқалады. 1905 ж. сәулетші А. Гуржиенко суретінде берген өлшемдері тұтқаның өте үлкен көлемде болмағанын айғақтайды (2-сурет).



1-сурет

Жоғалған тұтқа орнындағы сақталған  
Сулс қолтаңбасымен айнала жазылған  
Жаратушының алты есімі, қола розетка



2-сурет

1905 ж. А. Гуржиенко салған тұтқа суреті  
А.А. Ивановтың зерттеуінен

Ахмет Ясауи кесенесінің есікті көркем әрлеудегі қабірхана бөлмесінің ағаш есігіне бекітілген металл төстік сегіз жапырақша түрінде бекітілген, 1959 жылы жоғалған есік тұтқасының бекітілген орнының негізін 15 см диаметрлі көркем дөңгелек өрнектер құрайды. Ол жерде сулс қолтаңбасымен Жаратушының алты есімі жазылған [2, 33-б.].

Зерттеуші А.А. Иванов өзінің зерттеуінде аталған тұтқаларды Ресейдегі Мемлекеттік Эрмитаж мұражайының Шығыс бөлімінде сақтаулы, сәулетші А. Гуржиенконың 1905 жылы салған суретіне негіздеп талдап береді [3, 74-б.]. Қазіргі кездегі бұл тұтқалар туралы жан-жақты зерттелген зерттеу – А. Ивановтың зерттеуі болып табылады.

### **Зерттеу әдістері**

XIV ғ. екінші жартысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнайы жасалып, кесенде сақталған Тайқазан, қола шырағандар, лауха, ағаш есіктер ерекше құнды жәдігерлер қатарына жатады. Сол жәдігерлердің ішінде екі есікті әрлеуде ислам қолөнер шеберлігін, ортағасырлық даму деңгейін, исламдық өнер ережелеріне сай орындалған жазу, өсімдік және геометриялық өрнектер сарынының керемет үйлесімін жинақтаған қабірхана есігінің екі тұтқасын зерделеуде материалдарды салыстыру, саралау әдістері қолданылды. Бұл ретте қола тұтқалардың өрнектелуіндегі, алтынмен, күміспен шекімеленіп, әрлену сипаттары туралы да материалдар салыстырылып, анализдеу әдістері негізінде түсіндірілді. Ортағасырлардағы басқа ислам сәулеті ескерткіштерінде орындалған тұтқалар туралы материалдар келтіре отырып талданды. Ортағасырлық бұл жәдігерлердің әр аумақтың шеберлер мектебінің жасау әдістерінің синтезденуі анализденді. Мақаланы орындау барысында талдау, саралау, анализдеу әдістері қолданылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

1905 жылы болған Орта Азияны және Шығыс Азияны зерттеу Орыс комитетінің Н.И. Веселовский басқарған экспедициясына қатысқан А. Гуржиенконың суретінде осы тұтқалар суреті нақты берілген. Суретшінің салған суретіндегі жазуларды оқу барысында ғалымдар түсірілген тұтқадағы жазуларды оқу барысында Сағдидің «Гүлстанынан» үзінді келтірілгенін тұжырымдайды [3, 74-б.].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі бұл тұтқалардың формалары XIII ғ. Солтүстік Ирак, XII–XIV ғғ. Испания территориясында тұтқаларға, әсіресе Солтүстік Иракта жасалған тұтқалар нұсқасына ұқсайды [3, 80-б.].

Орта Азиядағы осы Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабірхана, қазандық есіктерінің тұтқаларына сай келетін сол кезеңде жасалған тұтқалар туралы жаза отырып ғалым А.А. Иванов 1353 жылғы Хиуадағы Пахлаван-Махмуд кесенесінің, 1417 жылғы Бұхарадағы Ұлықбек медресесінің (қазіргі кезде жоғалған) тұтқасы, Лангар ата кесенесінің есік тұтқаларын талдай отырып, «тұтқалардың құрылымына байланысты нақты дәстүр болған жоқ, есіктерге тұтқалар қою дәстүрі сақталған...» - дейді [3, 80-б.].

1896 ж. Қазан университетінің Хабаршы журналында П.Н. Ахмеровтың Ахмет Ясауи кесенесіндегі Ә. Диваев берген жазулардың аудармасы жарияланды. Осы мақалада қабірхана бөлмесінің есігінің екі тұтқасындағы жазулар аудармасы беріледі. Онда Жаратушының алты есімі, шебердің есім жазылған [4, 541-б.].

А.А. Ивановтың қабірхананың қола тұтқаларындағы жазуларға байланысты аудармасына назар аударғанда ас-Саки нұсқасын Б.Тұяқбаева зерттеуінде «ан-сакаба-құюшы, шекімелеуші» - деп оқуға болады деген [2, 31-б.].

Әмір Темір дәуірінде салынған кесенелердегі шеберлер аттары, ол жаулап алған елдерден болғанын шеберлердің салған кесенелерінде, ғимараттарында, көркем өнер туындыларында жазып қалдырған аттары мен ныспылары, жәдігерлердегі есімдері, шыққан жерлері туралы жазбалар дәлелдейді.

1935 жылы сол кездегі Ленинград қаласында өткен Иран өнері мен археологиясының Конгресінің жинағында жариялаған мақаласында А.Якубовский Ұлықбектің кезінде салынған Гур Эмирдің қас беті есігіндегі шебердің есімі «Мухаммед ибн Мухаммед Исфакхани» деп көрсетеді. Бұл шебер Исфакхандық, осы Гур Эмирдегі есікті жасаған шебер болса керек. Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана, қазандық бөлмесінің есіктерінің металл тұтқаларында, қола шырағандарда Изз ад-дин Тадж ад-дин Исфакхани есімі жазылған [5, 278–285-бб.]. Ясыда және Самарқанда сәулет ескерткіштерін салуда жұмыс істеген шеберлер ныспысының сәйкес келуі бұл шеберлердің бір жерден келген шеберлер екенін айғақтағандай.

Әмір Темірдің Түзігінде келесі деректерге қарай отырып, ортағасырлық шеберлердің еңбектеріне сай мәліметтерге көз жеткізуге болады.

Темірдің көптеген елдерді жаулап, ол елдердегі ғалымдарды, білімді адамдарды, шеберлерді жинап Орта Азияға алып келгені белгілі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі XIV ғ. екінші жартысында «1397 ж. жасалған» деген қола шырағанда және қабірхана, қазандық есіктеріндегі шебердің есімінің Изз-ад дин Тадж ад дин Исфакхани болуы және шебердің өзінің металл өндеп, әрлеудің керемет дәрежесін игерген шебер болғанын көрсетеді.

Темір аманатында айтылғандай, ол сән-сәулет шеберлерін, басқа да кәсіп иелерін шетке қақпай айналасына топтастырып, өнер мен мәдениет қайраткерлерін ел-елден, шет-шалғайдан іздестіріп, үздіктерін, айрықша озықтарын сарайына алдырып, осының негізінде ғажайып ғимараттарды, керемет қолданбалы өнер туындаларын жасағаны белгілі [6, 61-б.]. Сол кезеңдерде көркем қола өндірісінің орталықтарының қатарында Нишапур, Исфакхан және Шираз болды [7].

А.А. Иванов Изз ад-дин сол кезде Ясыға (Түркістанға) келген шеберлерді басқарған болу керек деген тұжырым айтады [3, 80-б.].

Орта ғасырларда құрылысшылар, басқа да қолөнер шеберлері арасында еңбек бөлінісі болған. Солардың ішінде барлық құрылыс мамандықтарын игерген, жобалау мен құрылыстың геометриясын жақсы білген шеберлер болды. Тарихи деректерде кейбір ұсталардың ғана есімдері сақталған.

Қабірхана есігінің екі дөңгелек қола тақташаларындағы жазудың аудармасы: Йә, Рахымды [Алла]! Йә, Пәк [Алла]! Йә, Дәлел [Алла]! Йә, Мейірбан [Алла]! Йә, Міндеттеуші [Алла]! Йә, Есеп Сұраушы Патша [Алла]! [8, 208-б.].

А.А. Иванов аударған жазу мәтіні, Сағдидің «Гүлстан» өлеңінен үзінді:

«Мақсат өзіңнен кейін із қалдыру,  
Тіршілікті мәңгілік деп есептемеймін.

Мүмкін, бір сопы еске алып, пақыр үшін дұға етер...»-деген мағынада түсірілген.

«Бұл есік адал көңілділерге әрқашан қайырлы болсын,

Достардың алдында ашық, дұшпандарға жабық болсын»-деп аударарды [3, 70-б.].

Бұл жазуларды кейінгі жылдары зерделеген Ә. Муминов, М. Қожа сынды ғалымдар да осы мағынада мәтіндерді жазып көрсетеді: «Біздің мақсат артта өрнек қалдырмақ, Жаратылыстың баяны жоқ аңғарсақ. Жүрегі бар асыл адам кез болса, Дұға етсін біз бейшара сұраншақ. Жеті жүз тоқсан тоғызыншы/1396–1397 жылы, Құдайдан ғана үмітті, міскін 'Изз ад-дин ибн Тадж ад-дин ал-Исаги жасады. Бұл есік қуаныш үшін, әрқашан құтты болсын; достарға ашық және дұшпанға жабық болсын» [9].

Есіктің тұтқаларының оң бетіндегі жазу:

Біздің мақсат артқа өрнек қалдырсақ,

Жаралыстың баяны жоқ аңдасақ,

Ақ жүректі адам ұлы кез болса,

Еске алып, дұға қылсын, біз бейбақ.

Сағдидің «Гүлстан» өлеңінің бұл шумақтары екі есіктің тұтқаларында ғана емес, шырағандарда да жазылуы назар аудартады.

Тұтқаның екінші бетіндегі жазудың аудармасы:

Бұл есік достар үшін ашық және кең, әрқашан берекелі болсын,

Жаулар үшін тар және жабық болсын!

Ғарып құл 'Изз ад-дин ибн Тадж ад-дин Исфакхани жасады. 780/1378-79 (немесе 751/1350-51) жылы деп көрсетеді тұтқа жазуларын аударған мақалаларда [10, 157-б.].

Жазулар аудармалары әр кезеңде аударылғанмен, мағынасы бір деуге болады. Жалпы өмірдің өткіншілігі, жаратылыстың мәңгілік еместігі туралы баяндалады.


XIX ғ. 1860 жылдардағы Орта Азияда, қазақ даласында, Түркістанда болған суретші В.В. Верещагиннің суреттерінің «Түркістан сериясында» Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана бөлмесінің есігі, 1959 жылы жоғалған есік тұтқалары және дәуіріштер бейнеленген (3-сурет). «Мешіттің есігінің алдында» деп аталған суретте Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана бөлмесінің есігі бейнеленген.

Зерттеуші Н.И. Веселовский XIX ғ. екінші жартысында 1884 жылдары Түркістанда болып, сол туралы жариялаған қолжазбасында Ахмет Ясауи кесенесі туралы баяндайды. Бұл жазбада қабірхана есігінің жоғарғы жағындағы мәрмәр тақта, есіктің тұтқаларында жазулар болғаны туралы жазған. Осы кезде де есіктің тұтқаларының сызбалары алынған. Өрнектер сызықтары орталық бөлігіне біріге отырып, «Жаратушының бірлігін бейнелейтін арабша жазулар түсірілген» дейді Н.И. Веселовский [11, 199-б.].

1880 жылы Ужфальви – Бурдон Түркістанға келіп, Ахмет Ясауи кесенесі туралы жариялаған мақаласында өзінің көргендерін, әсерлерін жариялаған. Осы жазбада үлкен бөлменің төрінде ағаш есіктің керемет өнер туындысы екені, оның ішінде өрнекті металл тұтқаның керемет шеберлікпен орындалғанын баяндайды [12, 199-б.].

Өмір Темір кезеңінде жасалған құнды жәдігерлер ішінде есіктерге байланысты Б.П. Денике 1939 жылғы зерттеуінде жазады [13, 126-б.]. Ол зерделеген есіктердің бірі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі есік, екіншісі Самарқандтағы Шахи-Зинда, Гур Эмирдегі есік деуге болады. Гур Эмир есігін қазан төңкерісіне дейін Эрмитажға алып кеткен.

Қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің тұтқалары есік ашылып, жабылғанда дыбыс шығарып, ол ғимаратқа кірген зияратшылардың көңіл-күйіне ерекше жан тербетерлік әсер еткен [14, 23-б.].



3-сурет. «Мешіттің есігінің алдында»  
В.В. Верещагин XIX ғ. 60 ж. «Түркістан альбомы»



4-сурет. Қазандық есігі  
XIX ғ. 60 ж. А. Гейнс еңбегінен

1928 жылы Ж. Аймауытов «Әзірет Сұлтан» кесенесінде болып, жазған мақаласында «Кесененің есіктеріндегі өрнектер ислам өнерінің ережелеріне сай өріліп, асқар дарбазадан көрген адамның Жаратушының алдында өзін құмырсқадай сезіндірер бір сезімде қалдырардай әсер береді», «бөлек-бөлек сүйек оюдан құрап, жыбырлата нақыстаған, нақысына ми жетпестей ғажап есік...» деп жазады [15, 12-б.].

1896 жылы жарияланған мақаласында А.Н. Ахмеров есіктегі халқада жазылған шебердің есімін «Изз ад-дин Тадж ад дин Исфахани хижраның 799 жылы» деп келтірсе [4, 541-б.], М.Е. Массон 1928 жылы өз зерттеуінде «Иззад дин Исфахани хижраның 797 жылы, яғни 1994/95 жылдар» деп көрсетеді [16, 21-б.]. Ол да есіктің сопақша кәсегінде Құран аяттары алтынмен жазылған, әдемі сақталған, сүйекпен безендірілген, сирек кездесетін келісті есік туралы баяндайды.

Ортағасырларда ағашты ою, металды өрнектеп, әрлеу, шекімелеу, қаралау, кірістіру, қаптау әдістері исламдық өнер туындыларын жасауда жақсы өркендеген. Есік тұтқаларының ежелден келе жатқан есіктің ажырамас бір бөлігі екені белгілі. Ислам сәулетінде дамыған құнды жәдігерлердің сол өмір сүрген ортаның наным-сенімдерімен, рухани құндылықтарымен және күнделікті өмір салтымен үйлесе дамытылғаны белгілі.

Нақты қала мәдениетіндегі діни ғимараттардағы есіктер тұтқалары белгілі бір діни ғимаратқа кірудегі көркем жасалған есіктің бір бөлшегі болумен қатар, сол мәдениеттің рухани құндылығын бойына жинап, бейнелеген құнды зат. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабірхана бөлмесінің есігіне бектіліген екі тұтқа суреті және әрленуі сол кезеңдегі үлкен бір әлемге есік ашқан, сол есікті ашу үшін бекітілген тұтқаның үлкен бір маңызын бейнелейді.

Ортағасырлардағы тұрғын үйлердегі есік тұтқалары да тұрғындардың өмір салтына сай қойылған. Мысалы бір тұтқа – әйелдер үшін, екінші тұтқа ер адамдар үшін жасалып, өз кезегінде келіп тұрған адамның әйел, не ер адам екені туралы белгі беріп отырған. Ал, Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабірхана тұтқасы зерттеу материалдарына сүйенгенде бірдей және көркем түрде жасалған. Бұл жергілікті жердің рухани болмысына негізделіп орындалған

құнды жәдігер. Тұтқаларды төске ұрғанда шыққан дыбыстар зияратқа келген пенденің ерекше бір әлемді сезінуіне ықпал еткен болар [17].

Орта ғасырларда металл бұйымдарды әрлеуде шекімелеу, кірістіру, мыс, алтын, күмісті кірістіріп әрлеу кең қолданылған.

XIII–XV ғғ. Таяу Шығыстағы металл ұсталары шеберліктің жоғарғы деңгейіне жеткен екен. Олар өздерінің қоладан жасаған бұйымдарын өте нәзік соғып, қаралап, шекімелеп, төрт бұрышты картуштерді күміс, алтын түрлі-түсті эмаль және қымбат тастармен әрлеген. Иран, Орта Азия, Әзірбайжан шеберлері металл бұйымдарын әрлеуде кескіндерді жазықтықта бейнелеу, бетін сәндік өрнектік толтыруға ұмтылу байқалады.


Металл заттарды дайындау техникасы әр түрлі болған. Орта және Таяу Шығыс елдерінің мұражай мамандары соңғы жылдары жинақтаған құнды жәдігерлер жинақтары ішінде ортағасырлық есіктер құлыптары, тұтқалар-балғалар (кейбір зерттеу мақалаларда тоқпақшалар деп аталады) да бар.

Қолөнер бірлестіктері XII–XIII ғғ. Тебриз, Марага, Ардебил, Ордубад, Оңтүстік Әзірбайжанда кең өріс алып, бай сауда-қолөнер орталықтары дамыды. Ордубад қаласында жасалған ғимараттар әрленген металдан жасалған ағаш есік тұтқаларының жинақтарының формалары Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана бөлмесінің есік тұтқасына ұқсас келеді [17, 926–927-бб.].

Кесенедегі қабірхана есігінің тұтқаларына ұқсас тұтқалар көп кездесетін Ордубад Әзірбайжандағы көне ескерткіштер, құрылыстар жақсы сақталған қала болып табылады. Орта ғасырларда Иран провинциясы Табризден, Исфahanнан келген шеберлер есімі кесенедегі құрылыстарда, көне жәдігерлерде сақталған белгілі. XIV ғ. Әмір Темір әскерлері шабуыл жасап, 1387 жылы Хорасанды басып алған соң, Тебризге бағыт алып Ордубад арқылы өтеді. Осы аумақтағы шеберлердің Орта Азияға келуінің себебі осында болса керек. Орта ғасырларда, XVI ғ. дейін Ордубад ірі қолөнер және сауда орталығы болған.



5-сурет – Ахмет Ясауи қабірхана есігі  
Қ.Бәсеновтың 1947 жылғы еңбегіндегі  
қабірхана есігінің тұтқасы



6-сурет – Ортағасырлық Ордубад қаласының  
есік тұтқалары  
Ортағасырлық Әзірбайжан  
(Всеобщая история искусств. Том II. еңбегінен)

Әр түрлі ағаш есіктердің металдан жасаған есік тұтқалары әлемдегі мұражайларда, әсіресе солтүстік Африка елдеріндегі мұражайларда кездеседі [18, 204-б.].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана бөлмесінің есігінде кезінде болған көркем тұтқалар [19, 45-б.] көркем екі балға көрхана бөлмесінің есігіндегі есікке кезінде алты шеге бөлігімен бекітілгені белгілі. Жоғарыда айтылғандай есікте Жаратушының алты есімі жазып түсірілген. Жазулар алтынмен, күміспен апталған.



Металды көркем өңдеуде кірістіру, инкрустация кең қолданылғаны, күміспен, алтынмен әрленіп, шекімелеу, ойықтай әдістері болғаны жоғарыда айтылды. Ойықтау әдісінде заттың сыртқы жағы өрнектермен әрленіп ойып түсірілген, одан соң асыл металлмен қапталады, толтырылады. XIV–XV ғғ. Шығыста Тебриздік мектептің даңқы артқан болатын [20, 281-б.]. Орта ғасырларда өндірістегі сабақтастық пен мамандану терең дамыды. Ол кездегі негізгі орталықтары Тебриз және Шамаха болды [20, 254-б.]. Селжұқтар сарайын әрлеуде көркем металдар қолданылып, металды көркем өңдеуде түрлі әрлеу әдістерін пайдаланды.

Орта Азия, Қазақстан жерінде де өз металл өңдеу, көркемдеу өнерінің дамуы болды. Жергілікті шеберлердің жасаған өнер туындылары, Қаратау қойнауының металға бай орындары бұл өнерді шеберлердің жете игергенін дәлелдейді. XIX ғ. соңына дейін қазақтар металл өңдеушілерді темірші, зергерлер, қолашы деп бөлген [21, 254-б.].

Қаратау тауында дербес металл өңдеу XIX ғ. соңы–XX ғ. басына дейін жалғасқан [22, 148–170-бб.].

### **Қорытынды**

Этнографиялық мәліметтер құйылған қола бұйымдарды Орталық Азияда көркем металдық өңдеудің түрлі ұйымдастыру бағыттары болғанын дәлелдейді. Қалалық орталықтарда дәстүрлі қолөнер орталығы болып, олар тапсырыспен жеке сауда үшін жұмыс істеген. Сонымен бірге кішігірім жергілікті шеберханаларда тапсырысқа, жиі болмаса да сатуға көркем металл бұйымдарын жасаған [22, 117-б.].

1959 жылы жоғалған қабірхана есігінің екі тұтқасын жан-жақты зерттеген ғалым А. Иванов болды. Көптеген ғалымдардың мақалалары мен зерттеулерінде айтылған бұл тұтқалардың нақты өзін, қарап талдай отырып зерттеу мүмкін емес. Себебі, бұл зат қазіргі кезде Әзірет Сұлтан кесенесінде жоқ. Бұл мәселені зерттеген зерттеушілер Эрмитаж қорында сақтаулы тұтқалар суреттері, сәулетші ғалымдардың түсірген суреттері мен салған суреттерінің негізінде зерттеген. Сондықтан бұл құнды жәдігерді іздеу, жаңа деректерін қарастыру аса маңызды болып табылады. Құнды жәдігерді іздестіру, қайта орнына қою мәселелері де жоқ емес.

Болашақта бұл жоғалған тұтқалар табылар, қазіргі кезде әлемдегі бір мұражай қорында немесе жеке коллекцияда сақталған болар деген үміт бар.

XIV ғ. екінші жартысында Ясыда жұмыс істеген Исфахандық шеберлер және жергілікті шеберлер көнеден келе жатқан жергілікті елдің дәстүрін негізге ала отырып, рухани құндылықтың заттай құнды жәдігерлерін жасауда үлкен жетістікке жетті. Қожа Ахмет Ясауи ілімінің негізіне, ислам өнерінің белгілі бір ережелеріне сай ғасырлар бойы қалыптасқан исламдық өркендеу кезеңінің туындысын жасады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Гюль Э.Ф. Резное дерево эпохи Амира Темура и Темуридов // Искусство резьбы по дереву в тюркском мире. История и современность. Материалы международного симпозиума. Казань, 2017. – С. 109–117.
2. Туякбаева Б.Т. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. – Алма-Ата: Өнер, 1989. – 176 с.
3. Иванов А.А. О бронзовых изделиях конца XIV в. из мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави // Средняя Азия и ее соседи в древности и средневековье. – М.: Главная редакция восточной литературы, 1981. – 80 с.
4. Ахмеров П.Н. Надписи мечети Ахмеда Ясави // Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. – Казань: Типо-литография Императорского Казанского университета, 1896. – Вып. 6. – С. 538–551.

5. Якубовский А.Ю. Мастера Ирана в Средней Азии при Тимуре // Международный конгресс по иранскому искусству и археологии. Доклады. Ленинград, сентябрь, 1935. –М.-Л., 1939. – С. 278–285.
6. Әмір Темір аманаты / Өзбекшеден аударған И. Сапарбаев. – Шымкент: Жібек Жолы, 2000. – 144 б.
7. Искусство средних веков. Искусство Ирана и Афганистана. Прикладное искусство. [Электронды ресурс]. URL: <http://la-fa.ru/history155.html>
8. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. – Алматы: «Эффект» ЖШС, 2013. – 208 б.
9. Мүминов Ә., Қожа М. Ясауи кесенесінің шет елдерде сақталған артефактілері және құжаттары мәселесі // Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы // Носа Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü (ERI), 2017. – 350 с.
10. Тастанбеков М., Сыздикова Г. Қожа Ахмет Ясауи қабірханасының есігі және жоғалған тоқпақшалар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – №3. – Б. 101–115.
11. Елгин А. Археологические и архитектурные исследования мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави: вторая половина XIX в. – середина 1950-х годов (очерки и материалы). – Алматы, 2013. – 225 с.
12. Французские исследователи в Казахстане / пер. О.В. Рублевой. Сост. И.В. Ерофеева. – Алматы: Санат, 2006. – 270 с.
13. Денике Б.П. Архитектурный орнамент Средней Азии. – М., 1939. – 223 с.
14. Массон М.Е. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. – Шымкент: Жібек Жолы, 2000. – 64 б.
15. Аймауытов Ж. Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Ясауи). Тандаулы мақалалар жинағы. – Шымкент: Жібек Жолы, 2000. – 64 б.
16. Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. – Ташкент: Типолит №2 Узполитграфтреста. – 22 с.
17. Всемирная история. Том 4. – Мн.: Харвест; М.: Аст, 1999. – 1048 с.
18. Осама Абдель Рахман Саид Алем. Художественный металл Ближнего Востока // Русскоязычие и би(поли)лингвизм в межкультурной коммуникации XXI века: когнитивно-концептуальные аспекты: Материалы IV Международной научно-методической конференции. 21–22 апреля 2011 г. / под ред. Л.В. Витковской, А.М. Казиёвой. – Пятигорск: Изд-во Пятигорского государственного лингвистического университета, 2011. – 245 с.
19. Гейдаров М.Х. Города и городское ремесло Азербайджана XIII–XVIII веков. – Баку: ЭЛМ, 1982. – 281 с.
20. Тоқтабаева С. Серебрянный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк Пресс, 2005. – 472 с.
21. Масанов А. Кузнечное и ювелирное ремесло в казахском ауле (Вторая половина XIX – начало XX в.) // Труды Института истории, археологии и этнографии. – 1961. – Вып. 1(15). – С. 148–170.
22. Король Г.Г., Наумов О.Б. Художественный металл у кочевников. (Центральная Азия на рубеже I–II тыс.л.). – М.: ИА РАН, 2017. – 128 с.

## REFERENCES

1. Giul E.F. Rezneo derevo epohi Amira Temura i Temuridov [Carved wood of the era of Amir Temur and the Temurids] // Iskusstvo rezby po derevu v tiurkskom mire. Istoriia i sovremennost. Materialy mejdunarodnogo simpoziuma. Kazan, 2017. – S. 109–117. [in Russian]
2. Tuiakbaeva B.T. Epigraficheski dekor arhitekturnogo kompleksa Ahmeda Iasavi [Epigraphic decoration of the architectural complex of Ahmed Yasawi]. – Alma-Ata: Oner, 1989. – 176 s. [in Russian]
3. Ivanov A.A. O bronzovyh izdeliiah konca XIV v. iz mavzoleia Hodji Ahmeda Iasavi [About bronze products of the end of the XIV century from the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi] // Sredniaia Aziia i ee sosedi v drevnosti i srednevekovie. – М.: Glavnaia redakciia vostochnoi literatury, 1981. – 80 s. [in Russian]

4. Ahmerov P.N. Nadpisi mecheti Ahmeda Iasavi [Inscriptions of the Ahmed Yasawi Mosque] // *Izvestiia obshestva arheologii, istorii i etnografii pri Kazanskom universitete*. – Kazan: Tipolitografiia Imperatorskogo Kazanskogo universiteta, 1896. – Vyp. 6. – S. 538–551. [in Russian]
5. Iakubovski A.Iu. Mastera Irana v Srednei Azii pri Timure [Masters of Iran in Central Asia under Timur] // *Mejdunarodnyi kongress po iranskomu iskusstvu i arheologii. Doklady*. Leningrad, sentiabr, 1935. –M.-L., 1939. – S. 278–285. [in Russian]
6. Amir Temir amanaty [The order of Amir Timur] / Ozbeksheden audargan I. Saparbaev. – Shymkent: Jibek joly, 2000. – 144 b. [in Kazakh]
7. Iskusstvo srednih vekov. Iskusstvo Irana i Afganistana. Prikladnoe iskusstvo [The art of the Middle Ages. The art of Iran and Afghanistan. Applied art]. [Elektrondy resurs]. URL: <http://la-fa.ru/history155.html> [in Russian]
8. Qoja Ahmet Iasauı kesenesi [Mausoleum of Khoja Ahmet Yasawi]. – Almaty: «Effekt» JShS, 2013. – 208 b. [in Kazakh]
9. Muminov A., Qoja M. Iasauı kesenesinin shet elderde saqtalğan artefaktleri jane qujattary maselesi [The problem of artifacts and documents of the yasawi mausoleum preserved abroad] // Qoja Ahmet Iasauıdin ruhani murasy // Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü (ERI), 2017. – 350 s. [in Kazakh]
10. Tastanbekov M., Syzdikova G. Qoja Ahmet Iasauı qabirhanasynyn esigi jane jogalğan toqpaqshalar [The door of the tomb of Khoja Akhmet Yassawi and the lost door knockers] // Iasauı universitetinin habarshysy. – 2021. – №3. – B. 101–115. [in Kazakh]
11. Elgin A. Arheologicheskie i arhitekturnye issledovaniia mavzoleia Hodji Ahmeda Iasavi: vtoraia polovina XIX v. – seredina 1950-h godov (očerki i materialy) [Archaeological and architectural studies of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi: the second half of the XIX century – the middle of the 1950s (essays and materials)]. – Almaty, 2013. – 225 s. [in Russian]
12. Francuzskie issledovateli v Kazahstane [French researchers in Kazakhstan] / per. O.V. Rublevoi. Sost. I.V. Erofeeva. – Almaty: Sanat, 2006. – 270 s. [in Russian]
13. Denike B.P. Arhitekturnyi ornament Srednei Azii [Architectural ornament of Central Asia]. – M., 1939. – 223 s. [in Russian]
14. Masson M.E. Qoja Ahmet Iasauı kesenesi [Mausoleum of Khoja Ahmet Yasawi]. – Shymkent: Jibek joly, 2000. – 64 b. [in Kazakh]
15. Aimauytov J. Aziret Sultan (Qoja Ahmet Iasauı). Tandauly maqalalar jinagy [Azret Sultan (Khoja Ahmed Yasawi). Collection of favorite articles]. – Shymkent: Jibek joly, 2000. – 64 b. [in Kazakh]
16. Masson M.E. Mavzolei Hodja Ahmeda Iasevi [Mausoleum of Khoja Ahmet Yasawi]. – Tashkent: Tipolit №2 Uzpoltigrafrestta. – 22 s. [in Russian]
17. Vsemirnaia istoriia. Tom 4 [World history. Volume 4]. – Mn.: Harvest; M.: Ast, 1999. – 1048 s. [in Russian]
18. Osama Abdel Rahman Said Alem. Hudojestvennyi metall Blijnego Vostoka [Artistic metal of the Middle East] // *Russkoijazychie i bi(poli)lingvizm v mejkulturnoi kommunikacii XXI veka: kognitivno-konceptualnye aspekty: Materialy IV Mejdunarodnoi nauchno-metodicheskoi konferencii. 21–22 aprelija 2011 g. / pod red. L.V. Vitkovskoi, A.M. Kazievoi*. – Piatigorsk: Izd-vo Piatigorskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta, 2011. – 245 c. [in Russian]
19. Geidarov M.H. Goroda i gorodskoe remeslo Azerbaidjana XIII–XVIII vekov [Cities and urban craft of Azerbaijan of the XIII–XVIII centuries]. – Baku: Elm, 1982. – 281 s. [in Russian]
20. Toqtabaeva S. Serebrianni put kazahskih masterov [The Silver Way of Kazakh masters]. – Almaty: Daik Press, 2005. – 472 s. [in Russian]
21. Masanov A. Kuznechnoe i iuvelirnoe remeslo v kazahskom aule (Vtoraia polovina XIX – nachalo XX v.) [Blacksmithing and jewelry craft in the Kazakh village (The second half of the XIX – the beginning of the XX century)] // *Trudy Instituta istorii, arheologii i etnografii*. – 1961. – Vyp. 1(15). – S. 148–170. [in Russian]
22. Korol G.G., Naumov O.B. Hudojestvennyi metall u kochevnikov. (Centralnaia Aziia na rubeje I–II tys.l.) [Artistic metal among the nomads. (Central Asia at the turn of I–II thousand l.)]. – M.: IA RAN, 2017. – 128 s. [in Russian]